

АНДАТПА

«Қазақстанның вокалдық-хор өнерінің көркемдік-аксиологиялық негіздері» тақырыбындағы, 6D041600 – Өнертану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Елубаева Маржан Аманқызының докторлық диссертациясы мәтінінің аңдатпасы

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Қазіргі қоғамның мәдени трансформациясы жағдайында Қазақстанның вокалдық-хор өнерінің көркемдік-аксиологиялық табиғатын тұжырымдамалық тұрғыдан пайымдау өзекті болып табылады. Әлемдік жаһандану үдерістері жүріп жатқан, мәдени құндылықтық бағдарлар қайта қарастырылып отырған жағдайда дәл осы вокалдық-хорлық практика ұлттық музыкалық бірегейлікті репрезентациялау мен сақтаудың негізгі формаларының бірі ретінде көрінеді. Қазақ мелосының терең интонациялық үлгілеріне және ауызша дәстүрге негізделген хор өнері рухани құндылықтарды ғана жеткізіп қоймай, сонымен бірге халықтың ұжымдық жады мен мәдени өзін-өзі тану кеңістігін қалыптастырады, бұл рухани жаңғыру мен ұлттық мәдени егемендікті нығайту саясаты контекстінде айрықша мәнге ие. Жоғарыда айтылғандардың барлығы осы мәселені зерделеуге кешенді зерттеу тәсілін әзірлеу қажеттілігін айқындайды, ол қазақстандық вокалдық-хор дәстүрінің ерекшелігін нақтылауға ғана емес, сондай-ақ оның жаһандық музыкалық үдерістегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі бола отырып, вокалдық-хор өнері рухани дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде көрінеді, мұнда халықтың тарихи-мәдени мұрасын, оның көркемдік жетістіктерін әлемдік және отандық өнердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде сақтау бірінші орынға шығады.

Осы контекстте вокалдық-хорлық орындаушылықтың тұтас көркемдік құбылыс ретіндегі көркемдік-аксиологиялық негіздерінің мәдени-тарихи алғышарттарын айқындау, қазақ әншілік дәстүрінің аксиологиялық іргетасын және отандық вокалдық-хор өнерінің қазіргі континуумын зерттеу, сондай-ақ оның аксиологиялық парадигмасының базалық негіздерін әзірлеу орынды деп есептеледі. Кең көрермендер аудиториясында (елімізде де, дүние жүзінде де) кеңінен танылған бұқаралық музыкалық мәдениеттің бір түрі ретінде вокалдық-хор өнері мен орындаушылыққа қатысты қырлар, оның аясында қалыптасқан әртүрлі жанрларға (кантата-ораториялық, хор концертті, хор циклі, сюита, поэма, миниатюра және т.б.) деген қызығушылықтың үнемі артуы аясында, ерекше маңыздылық пен өзектілікке ие бола түсуде, оларды көркемдік танымның сапалық тұрғыдан жаңа деңгейіне көтереді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ вокалдық-хор музыкасын зерттеу қазіргі ғылым мен практиканың көптеген бағыттары үшін белгілі бір маңызға ие болып, қазіргі отандық вокалдық-хор өнерінің көркемдік-құндылықтық бағдарларын айқындау тұрғысынан елеулі мүмкіндіктер ашады.

Вокалдық-хор өнеріне тұтастай алғанда тікелей қатысы бар бұл еңбек Қазақстандағы вокалдық-хорлық орындаушылықтың көркемдік-

аксиологиялық негіздері мен көркемдік-құндылықтық бағдарларына бағытталған, аталған саланың әлі күнге дейін тұтас музыкатану зерттеуінің арнайы нысаны бола қоймауы да оны жан-жақты зерделеу қажеттілігін айқындай түседі. Сонымен қатар оны жаңашыл ғылыми ұстанымдар тұрғысынан терең қарастыру тек отандық ғылымға өлшеусіз үлес қосып қана қоймай, аталған феноменді қазіргі бұқаралық мәдениет пен жалпы қоғамдық өмір жағдайында іргелі тұрғыдан түсініп, бағалауға қосымша серпін бере алады.

Зерттеу тақырыбының зерттелу дәрежесі: Жоғарыда аталған зерттеу тақырыбын жан-жақты әрі тұтас қарастыру үшін музыкатану саласындағы ғылыми еңбектерге, сондай-ақ мәдениеттану, эстетика, социология, әдебиеттану, театртану және т.б. сияқты туыс салалардың деректерін кеңінен тартуға айрықша мән беріледі; бұл деректер вокалдық-хор өнері мен орындаушылық саласындағы түрлі мәселелер жөніндегі мамандардың сараптамалық тұжырымдарымен тығыз өзара байланыста қарастырылады.

Мәдениеттанулық бағыттағы еңбектердің қатарында М.С.Каган (1972), Б.М.Теплов (1985), В.П.Шестаков (1973), Т.В.Чередниченко (1994), Bruno Nettl (2005), Philip V. Bohlman (2008) сынды ғалымдардың іргелі зерттеулерін атауға болады. Социология саласында – Ю.Н.Давыдов (1997), И.Б.Роднянская (1980), А.Н.Сохор (2022), Timothy Rice (2016), Ruth Finnegan (1991) еңбектері маңызды. Философиялық-мәдениеттанулық қырынан Т.В.Адорно (2001), Н.И.Киященко (2005), Х.Ортеги-и-Гассета (2008), Raymond Monelle (1991) және т.б. зерттеулері ұсынылған. Әлеуметтік-мәдени қызмет мәселелері М.Г.Арановский (1974), Т.И.Бакланова (2004), А.Д.Жарков (2002), Ю.Д.Красильников (2002), Т.Г.Киселева (2002), Э.И.Петрова (2007), Б.С.Сафаралиев (2011), Ю.А.Стрельцов (), Martin Stokes (2023) және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Осы салада елеулі үлес түрлі өнер түрлерінің өкілдері – музыка өнері бойынша Э.Б.Абдуллин (2010), Ю.Б.Алиев (2019), Л.Г.Арчажникова (1984), Л.А.Баренбойм (1974), Г.Л.Ержемский (2007), Е.А.Торопова (2013), И.А.Мусин (2006), Г.Г.Нейгауз (2015), В.Г.Ражников (2000), Г.М.Цыпин (1992), П.А.Черватюк (1990), Л.В.Шамина (2017), Gari Tomlinson (2015), David G. Hebert (2016) сияқты зерттеушілердің теориялық-әдіснамалық және қолданбалы идеяларымен толықтырылды. Вокалдық-хор өнері саласында ансамбльдік-хорлық музыканы орындау технологиясына бағытталған тарихи-өнертанулық негізді В.Л.Живов (2025), Ю.М.Кузнецов (2009), Г.П.Стулова (2019), В.Г.Соколов (2024), В.И.Краснощеков (1969), В.П.Морозов (1965), П.Г.Чесноков (2024), А.А.Егоров (1951), Г.А.Дмитревский (2023), К.К.Пигров (1964), Н.В.Романовский (2005), Percy M. Yung (1974), Donald G. Grout (1988), Claude V. Palisca (1994) сынды ірі шығармашылық тұлғалардың ғылыми-тәжірибелік материалдары құрайды.

Отандық искусствознание кеңістігінде музыкалық орындаушылықтың жекелеген бағыттары бойынша С.А.Кузембай (2014), Елеманова С.А. (2012), Р.Б.Шиндаулова (2024), Омарова А.К. (2000), Г.Ж.Мусагулова (2016), З.М.Касимова (2023), У.Р.Джумакова (2003), Т.В.Харламова (2019) және басқа

да зерттеушілердің ғылыми еңбектері айырықша назар аударарлық. Осы қатарда вокалдық-хор мәселелерін тікелей қарастырған В.Е.Недлина (2017), К.Г.Гаркуша (2023), Д.Т.Карекенова (2021), Б.Э.Алибекова (2011), Б.А.Жаманбаев (2021), Г.А.Койбагарова (2016), К.Т.Рыскулов (2021), А.А.Сметова (2015), Г.Б.Аргингазинов (2022) еңбектері ерекше атап өтуге лайық. Вокалдық-хор орындаушылығының жоғары әлеуметтік-мәдени маңызына қарамастан, әлемдік те, отандық та искусствознаниеде бұл феноменнің көркемдік-аксиологиялық негіздерін тұтас теориялық тұрғыдан негіздейтін зерттеу әлі қалыптасқан жоқ. Ғылыми әдебиет орындаушының құндылықтық бағдарлары, ұжымдардың репертуарлық саясаты және ұлттық стильдің эстетикалық қағидаттары арасындағы өзара байланыстардың жүйелі моделін ұсынбайды, бұл тарихи-мәдени мұра мен қазіргі орындаушылық тәжірибелер арасындағы әдіснамалық алшақтықты туындатады. Аталған жайттар зерттеу тақырыбын кешенді зерделеуге бағытталған ғылыми тәсілді әзірлеу қажеттігін айқындай түседі, ол қазақстандық вокалдық-хор дәстүрінің ерекшелігін нақтылауға ғана емес, сонымен қатар оның жаһандық музыкалық үдерістегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны: XVIII ғасырдың ортасынан XXI ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі кезеңдегі Қазақстанның вокалдық-хор мәдениеті – оны көркемдік-аксиологиялық негіздерін зерделеу контекстінде қарастыру.

Зерттеу пәні: Қазіргі кезеңдегі вокалдық-хор орындаушылығының аксиологиялық парадигмасын қалыптастыру.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстанның вокалдық-хор өнерінің көркемдік-аксиологиялық бағдарларын елдегі заманауи ұжымдардың вокалдық-хорлық шығармаларын жүйелеу негізінде айқындау. Қазақстанның вокалдық-хор өнері туралы дәстүрлі ғылыми түсініктерді орнықтыру, оның бүгінгі музыкалық мәдениеттегі ерекшелігі мен өмір сүру формаларын көркемдік-аксиологиялық негіздер мәселелерімен тығыз байланыста қарастыру.

Зерттеу міндеттері:

- Қазақстанның вокалдық-хор өнеріндегі дүниетанымдық бағдарлардың тұжырымдамалық сипаттамаларына тарихи-философиялық талдау жүргізу;
- қазақ әншілік дәстүрінің халықтық бастаулары мен рухани мұрасын вокалдық-хор өнерінің аксиологиялық іргетасы ретінде қарастыру;
- музыкант-орындаушының көркемдік-құндылықтық бағдарларының тұжырымдамалық сипаттамаларын зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындау;
- вокалдық-хор өнері аясында музыкант-орындаушының көркемдік-құндылықтық бағдарларының негізгі қағидаттарын анықтау;
- ұлттық мәдениетті тарату үдерісіндегі кәсіби және әуесқой ұжымдардың көркемдік-құндылықтық және орындаушылық ерекшеліктерін сипаттау;
- вокалдық-хор орындаушылығында көркемдік-құндылықтық бағдарлардың дамуының болашағын белгілеу.

Зерттеудің әдіснамалық негізі: Зерттеудің әдіснамалық негізін өнертануды тарих, философия, этика, мәдениеттану, социология, музыкатану және басқа да туыс ғылымдармен интеграциялайтын пәнаралық тәсіл құрайды. Мұндай кешенді жүйелік тәсіл вокалдық-хор орындаушылығындағы көркемдік-құндылықтық бағдарлар, олардың сапалық сипаттамалары, қазақстандық мәдениеттегі пайда болуы мен дамуы сияқты ұғымдарды, сондай-ақ қазақ музыкалық фольклорының дәстүрлі негіздерінің ұлттық стильдің бейнелеу құралдары мен халық мелосының тұрақты элементтері мысалында вокалдық-хор жанрымен тарихи-генетикалық өзара байланысын қарастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы мәдени панорама өз құрылымында көптеген және полимодальды сипаттағы стильдік жаңартулардың бар екендігін айқын көрсетеді. Осыған байланысты біз таңдаған бағыттағы жүргізілген ізденістер XX ғасыр мен XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан композиторларының вокалдық-хор шығармашылығы мен орындаушылығындағы құндылықтық бағдарларды кешенді талдаудың пәрменді тәсілін іздестірумен айқындалады. Кең тарихи-мәдениеттанулық контексте, одан кейін музыкалық-теориялық аспектіде қарастырылған бұл құбылыстар хор танымы мәселелерімен және жалпы орындаушылық практикамен тығыз өзара байланыста екендігін көрсетті.

Вокалдық-хор саласының бұқаралық көркемдік тәрбиеге айтарлықтай ықпал ететінін ескере отырып, бүгінгі күні ол жалпы музыкалық мәдениеттің белсенді әрі көпдеңгейлі құрамдас бөлігі ретінде көрінеді. Осындай ракурсте ұсынылған отандық вокалдық-хор орындаушылығының қазіргі моделі өзінің қалыптасуы мен дамуы барысында үздіксіз эволюцияға ұшырап отырған аса динамикалық құбылыс ретінде бағаланады. Соңғы жылдары аталған феноменді зерделеуге ғалымдардың қызығушылығының едәуір артуы оның жалпы теориялық негізін айқындауға алып келді, бұл музыкалық өнердегі жалпы алғанда және вокалдық-хор саласындағы құндылықтық бағдарлардың қызмет етуінің кейбір жетекші заңдылықтарын бөліп көрсету қажеттілігімен айқындалады.

Диссертацияда келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- мәдени-тарихи әдіс – музыкалық стильдер, дәстүрлер мен практикалардың эволюциясын зерделеу мақсатында нота, жазба деректер мен музыкалық транскрипцияларды қамтитын тарихи дереккөздерді талдауды көздейді;
- туыс гуманитарлық ғылымдар әдісі – өнертану, философия, мәдениеттану, фольклортану, этнография және т.б. аясында мәдениетті, қоғамды және жеке тәжірибені зерттеуге бағытталған көзқарастар мен зерттеу процедураларының жиынтығы;
- аксиологиялық әдіс – вокалдық және хор шығармаларын олардың құндылықтары, музыкалық өнердегі орны және музыкант-орындаушыға тигізетін ықпалы тұрғысынан талдауға арналған;
- музыкатанулық талдау әдісі – музыкалық тілдік құрылымға енетін бейнелеу құралдарын қамти отырып, шығармаларды зерттеудің теориялық негіздеріне сүйенетін әдіс;

- музыкалық бейнелеу құралдарын (мелодия, гармония, ырғақ, тембр және т.б.) талдау әдісі – музыкалық лексиканың әртүрлі архетиптерін және вокалдық-хор өнері мен орындаушылығының мәндік қырлары контексіндегі құндылықтық жүйелердің жалпы өзара байланыстарын бағалауға бағытталған;
- зерттеушілік және музыкалық-орындаушылық қызметті практикалық меңгеру әдісі – дербестік пен шығармашылықты талап ететін практикалық міндеттерді шешу арқылы осы үдерісті ұйымдастыруды қарастырады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мынада:

- Қазақстанның вокалдық-хор орындаушылығындағы дүниетанымдық бағдарлардың тұжырымдамалық сипаттамалары тарихи-философиялық талдау негізінде зерттелді;
- қазақ хор музыкасының аксиологиялық негізін құрайтын кең ауқымды құжаттық дереккөздер мен халықтық дәстүрлер жүйеленіп, қорытылады;
- отандық вокалдық-хор өнері шығармаларының көркемдік-эстетикалық құндылығын және кәсіби ортадағы музыкалық орындаушылықтың шығармашылық үдерісін тұтас түсінудің әдіснамалық негіздері әзірленді;
- вокалдық-хор өнеріндегі көркемдік-аксиологиялық әлеует контексінде көркемдік-құндылықтық бағдарлардың іргелі принциптері мен олардың этимологиялық сипаттамалары айқындалды;
- қазақстандық вокалдық және хор ұжымдарының шығармашылық қызметінің көркемдік-құндылықтық ресурсының мәндік сипаттамасы ұсынылды;
- қазіргі Қазақстанның вокалдық-хор мәдениетінің көркемдік-аксиологиялық әлеуетінің негізгі үрдістері мен даму перспективалары айқындалды.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

- Музыкалық-теориялық тұжырымдамаларды және олардың көркемдік-аксиологиялық бағдарлар саласындағы практикалық іске асырылуын ғылыми тарихи-философиялық талдауға тұтас, жүйелік көзқарас, сондай-ақ оларға тән көріністерді кейінгі бекіту қазіргі қазақстандық вокалдық-хор орындаушылығы жобасын оның барлық айрықша белгілерімен табысты жүзеге асыруға ықпал етеді;
- қазақ әншілік дәстүрінің халықтық бастаулары мен рухани дәстүрлерінің отандық вокалдық-хор өнерінің аксиологиялық негіздерін әрі қарай сақтау және дәйекті дамыту жолындағы маңызы;
- кәсіби ортада музыкант-орындаушының көркемдік-құндылықтық бағдарларын тұтас түсінуге мүмкіндік беретін әдіснамалық тәсілдердің кешені әзірленгені;
- вокалдық-хор орындаушылық өнеріндегі музыканттың көркемдік-құндылықтық бағдарлары қағидаттарын құрылымдау орындаушының вокалдық-хор өнеріндегі көркем шығармашылығы мен кәсіби дамуының

негізі болып табылатын түйінді идеялар мен құндылықтар жүйесін қалыптастыруды көздейді;

- ұлттық мәдениетті танымал ету үдерісінде вокалдық-хор ұжымдарының әлеуетін дәстүрлерді сақтау, инновациялық әдістерді енгізу, орындаушылардың кәсібилігін арттыру, заманауи IT-технологиялар мен коммуникация құралдарын тиімді пайдалану арқылы ашу;
- Қазақстанның музыкалық өмірінде вокалдық-хор өнері мен орындаушылығы аксиологиялық құбылыстарды жүзеге асырудың дәстүрлі және жаңашыл тәсілдерін үйлестіретін, орасан зор көркемдік-құндылықтық әлеуетті қамтитын бірегей феномен ретінде ерекше орын алады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы:

- диссертация материалдары шығармашылық жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде өнертану мен музыкатану пәндерінде, сондай-ақ музыкатану, мәдениеттану, отандық музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы бойынша бағдарламаларда, сонымен қатар вокалдық-хор өнері кафедраларындағы арнайы пәндерді оқыту тәжірибесінде тиімді пайдаланылуы мүмкін;
- вокалдық-хор орындаушылығының аксиологиялық парадигмасының әдіснамалық қырлары ұлттық дәстүрлер бастауларын қазіргі мәдениетке енгізу, оларды заманауи мәдени кеңістікте көрсету үдерісінде әмбебаптандырудың көрнекті үлгісі ретінде музыкалық шығармашылықтың өзге жанрларын зерделеу барысында мақсатты түрде қолданылуы ықтимал;
- отандық вокалдық-хор ұжымдарының концерттік-орындаушылық қызметі туралы ұсынылған материалдар Қазақстан музыкалық мәдениетінің әртүрлі стильдік үрдістерін, бағыттары мен жанрларын зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарда маңызды дереккөз ретінде пайдаланылуға болады.

Зерттеудің апробациясы және нәтижелерін енгізу:

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы тақырып бойынша 25 ғылыми жарияланымда жүзеге асырылды:

- халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдары мен РИНЦ басылымдарында – 22;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (КОКСНВО) ұсынған басылымдарда – 2;
- Scopus дерекқорының индекстеу жүйесіне енетін журналда – 1.

Докторлық диссертация 2025 жылғы 20 қазанда Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Хореография» кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.